

Сбербанк «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰК» АҚ компаниялар тобының Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытқа қарай кеңейту жобасын қаржыландырады

Сбербанктің Қазақстандағы еншілес банкі «Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытқа қарай кеңейту» жобасын жүзеге асыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін қаржыландыруды ұйымдастырды. Жобаның жалпы құны 208 млн. АҚШ долларын құрайды.

Сбербанктің кредиттік қаражаты үш құрғақ жүк таситын кеме аялдмасының, артық тиелетін астық кешенінің және тиісті инфрақұрылымның құрылысын салуға жіберіледі. Бұл Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытқа қарай кеңейтуге мүмкіндік береді және тасымалдау қабілетін 16,5-тен бастап 19,5 млн. тоннаға дейін ұлғайтады.

Қазақстан оңтайлы географиялық орналасуының арқасында «Ұлы жібек жолы» кезіндегідей «Солтүстік-оңтүстік» және «Батыс-шығыс» көлік дәліздерін қамтамасыз етіп келеді, сонымен ол сауда қатынастарын дамыту үшін болашағы бар аймақтарды байланыстырып отыр. Ақтау порты Каспий және Қара теңіз, Волга, Волго-Дон және Беломор-Балтық каналы арқылы, сонымен қатар Иранға қарай өтетін Еуропа-Кавказ-Азия (ТРАСЕКА) көлік дәліздерінің негізгі бөлігі.

«Ақтау теңіз солтүстік терминалы» «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес кәсіпорны және біздің «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен ынтымақтастығымыз әрқашан ірі және ел үшін маңызды жобалардың жасалуымен есте қалады. Осы жоба да – соның қатарында. Бұл мәміле Шетелдік инвесторлар кеңесінің 27-ші Пленарлық мәжілісінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Сбербанк арасында жасалып, қол қойылған Мемлекеттік-жеке серіктестік саласында жобаларды қаржыландыру бойынша меморандум аясында жүзеге асырылды. Біз үшін елдің транзиттік әлеуеті мен экономикасының дамуына ықпал ететін жобаны қолдау үлкен абырой және жауапкершілік» - деп атап өтті «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов.

«Ақтау портын солтүстік бағытқа қарай кеңейту жобасын ҚР Президенті стратегиялық маңызды жоба ретінде белгіледі және оны тез арада іске асыру біз үшін бірінші кезектегі мақсат. Сбербанк ұсынған қаржыландыру құрылысты ойдағыдай аяқтау үшін қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Осы инфрақұрылымдық жобаны пайдаланымға енгізу аймақтың экономикасының жақсаруына мүмкіндік бермек. Сонымен қатар жобаны жүзеге асыру Иран, Әзірбайжан, Түркия, Ресей, Еуропа мемлекеттеріне құрғақ жүктің, астық және контейнердегі жүктердің импорты, экспорты және тасымалдануындағы көлік және логистикалық инфрақұрылымның әртараптануына әсерін тигізеді», - деп атап өтті «ҚТЖ» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі Вице-президенті Қанат Алпысбаев.

Ақпараттық анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында жеті жылдан астам табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4 орынға ие болды. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің филиалдық желісі 108 құрылымдық бөлімшеден тұрады, оның 16-ы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

«Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС «KTZ Express» АҚ құрамына кіреді.

«KTZ Express» АҚ - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның 100%-дық еншілес ұйымы, қатынас саласында көлік қызметтерінің барлық түрлерін көрсететін логистикалық компания. 2011 жылы құрылып, «Ұлттық көлік логистика қызметін дамыту орталығы» АҚ-ға қайта ұйымдастырылды. Теміржол, теңіз, әуе және автотасымалдау, порт, әуежай инфрақұрылымын, сонымен қатар қоймалар мен терминалдар желісін бірге алып жүреді. Қытайда, Түрікменістанда, Өзбекстанда, Украинада, Ресей және Латвияда филиалдары бар. Қытай шекарасында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА жобасының операторы. Компанияның сенімгерлік басқаруында Астана, Көкшетау, Қостанай, Петропавл, Шымкент және Қызылорда әуежайлары бар.

Жүкті жеткізуді және жеткізілімдердің логистикалық қатарын «есіктен есікке дейін» ұйымдастуды қамтамасыз етеді.

Қосымша ақпарат алу үшін сіз баспасөз қызметтеріне хабарлассаныз болады:

«Сбербанк» АҚ ЕБ

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)

Ұялы: +7 702 18 16 127

e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz